

Ақмола облысы
білім басқармасы
«Ақмола облысы білім
басқармасының Аршалы
ауданы бойынша
білім бөлімі» ММ

Управление образования
Акмолинской области
ГУ «Отдел образования
по Аршалынскому району
управления образования
Акмолинской области»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20 ақпан 2026 жылы № 75-Б

Мемлекеттік қызметтердің
2025 жылғы көрсету саласындағы
Қызметі жөніндегі есептердің
ашық талқылауын өткізу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңдарына және Ақмола облысы әкімдігінің 2026 жылғы 6 ақпандағы №А-2/35 қаулысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.2026 жылдың 24 ақпанға дейін «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-ң барлық ведомстволық бағынысты ұйымдары 2025 жылға мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметі туралы есептерді жария талқылау өткізу туралы құқықтық актілер қабылдансын;

2.2026 жылғы 1 наурызға дейін мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша 2025 жылғы қызметі жөніндегі есепті ресми интернет-ресурстарында, бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылсын;

3.2026 жылғы 30 наурызға дейін мемлекеттік қызмет көрсету саласында 2025 жылғы қызметі жөніндегі есептердің ашық талқылауы өткізілсін;

4.2026 жылғы 8 сәуірге дейін мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы 2025 жылғы қызметі жөніндегі есептердің ашық талқылауын өткізу нәтижелерінің қорытындыларын ресми интернет-ресурстарында және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырсын;

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің бас маманы А.Е.Кумпейсоваға жүктелсін.

Басшы



Ж.Кайрмденов